

1 2005
4816к


ІЛІЯС
ЖАНСУГІРОВ



2



ІЛИЯС



КӨП ТОМДЫҚ
ШЫҒАРМАЛАР
ЖИНАҒЫ

ЖАНСҮГІРОВ



2

Жолдастар
роман



ББК84 Қаз 7-44

Ж 27

Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің
бағдарламасы бойынша шығарылды

Редакция алқасы:

С. Абдрахманов, Ә. Аскarov, Е. М. Бейсенбек,
Е. Д. Даlбагаев, М. М. Имангазинов, Т. Кәкішев,
Т. М. Көпбаев

Томды баспаға өзірлегендер:

Е. Д. Даlбагаев, Е. М. Бейсенбек,
М. М. Имангазинов (жауапты шығарушы),
Г. Н. Ботантаева, А. Б. Құлжабаева

Кіріспе мақала мен түсініктерін жазған: **М. М. Имангазинов**

Жансұгіров Ілияс

Ж 27 Көп томдық шығармалар жинағы. — Алматы: «Қазығұрт»
баспасы. - 2004.

Екінші том: Жолдастар. Роман. — 448 бет.

ISBN 9965-22-038-7

Қазақ әдебиетінің альп бәйтеректерінің бірегейі — Ілияс Жансұгіровтің «Жолдастар» романы — жазушының проза жанрындағы көлемді де көрнекті туындысы. Автор толық **аяқтай алмаған** бұл роман бұрын да **жарияланған**. Алайда ол жарияланымдарда аталған шығарманың көп тұстары саясатқа байланысты азды-көпті өзгерістерге түсіріліп, тұтасымен алынып тасталынған сөйлемдер де болған. Сол олқылықтардың орны осы жолы **толықтырылып, қалпына келтірілді**.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

Ж 4702250201
482(05) - 04

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 9965-22-038-7

© Жансұгіров I., 2004
) «Қазығұрт» баспасы, 2004

АЛҒЫ СӨЗ

«Жолдастар» романы — **Ілияс Жансүгіровтің** проза саласындағы іргелі шығармаларының бірі. **Жазушы** романды екі кітап етіп жазуды **жоспарлаған**. Баспагерлерге жазған хатында І.Жансүгіров өз еңбегінің тәмендегідей болатыныш ескереді:

«Жолдастар» атты романның қысқаша мазмұны төрт бөлімге бөлінген. Біріншісінде — қазақ кедейлерінің тұрмысы, екіншісінде — төңкерістен бұрынғы қалаға, өндіріске байланысты қазақ жұмысшыларының өмірі, үшіншісінде — 1916 жылғы жиһангерт соғысының тұсы, төртінші бөлімде — 1917 жылғы төңкеріс. Осы желімен романның бірінші кітабы біtedі. Романның екінші кітабы — тұтасымен Қазақстандағы азамат соғысынан алынған...»¹

Романның бірінші кітабының толық нұсқасы Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан 1935 жылы латын әрпімен 583 беттік келемде басылып шығады. Аталмыш нұсқасы екінші рет 1962 жылы **Ілияс Жансүгіровтің тандамалы шығармалар жинағының** 3-томында **жарық** кереді.

Бір атап өтетін жайт, **алғашқы** және кейінгі нұсқаларында бірінші кітаптың жалғасы басылмауы оқырмандығана емес, әдебиеттану ғылымында да түрлі ой-пікірлер туғызады.

1960-жылдары әдебиетіміздің үш арысы **акталғаннан кейін**, **Ілияс Жансүгіровтің** шығармашылығы мен өмірі **жан-жақты зерттеле** бастады. Сол тұста әдебиетші ғалым Мырзабек Дүйсенов «Жолдастар» романына өз **көзқарасын** айқындағы **келе**: «Жолдастар» романын **Ілияс Жансүгіров** о баста екі кітап етіп жазуды жоспарлаған да, бірінші кітаптың сюжетін Казан революциясының жайына, екіншісін — **халық шаруашылығын** қалпына келтіру дәуіріне арнамақ болған. Бірақ романның екінші кітабы жазылмаған»², — дегенпікір айтса, **Ілияс Жансүгіровтің** жары Фатима Ғабитова «**Альштар тағдыры**»³ атты еңбегінде: «Жолдастар» романының екінші кітабы жазылған, бірақ жарық **көрген жоқ** — дегенді айтады.

¹ Материал-1996 жылдың 15 мамырында Талдықорған қаласындағы **Ілияс Жансүгіров** әдеби мұражайының директоры Кәмила Кәбепқызы Коқымовадан алынды.

² Дүйсенов М. І.Жансүгіров. Алматы. Ғылым, 1965, 57-б.

³ Ғабитова Ф. Альштар тағдыры. Алматы, Жазушы, 1995, 115-б.

Ақиқатын анықтау қажеттігі өзінен-өзі түсінікті. Сол оймен Ілиястың **ағайын-тыс**, балаларынан сұрастырғанымызда, оның жеке мұрағаты болуы керек деген жауап естідік. Ильфа Ілиясызы Жандосова бір сұхбатында: «Мамам Ілиястың «Жолдастар» романының екінші кітабы бар, ол әлі жарықка шықкан жок деп жиі айтатын» — дегені жазушының жеке мұрағатына еріксіз жетеледі.

Мемлекеттік орталық **мұрағаттағы** Ильфа Ілиясызы тапсырған **құжаттары** мен колжазбалардың бәрін дерлік қаастырғанымызben, бірінші кітаптың жалғасы **көзімізге** ілікпеді. Алғашкы кезде қолжазба мұқабаларындағы «Жолдастар» романының «II және III кітабы» (Ф. № 1368. Оп. 1, № 8); (Ф. № 1368. Оп. 1, Д: № 9) деген белгілерді көргенімізде, бірінші кітаптың жалғасы бар болғаны ғой деп үміттенгенімізben, ішіндегі **жазылғандар** жарық көрген бірінші кітаптың мазмұны болып **шыққан** соң, әзірге ғалым Мырзабек Дүйсеновтің пікіріне құлақ асып отырмыз.

Эрине, басқа жерден табылып калар деген үмітіміз де жоқ **емес**. Дегенмен, **жазылған** күннің өзінде де, оның **жарыққа шықпауына** бір себеп бар сияқты. Өйткені кітап толық 1935 жылы аяқталып, сол жылы бірінші кітабы **жарық** көрді. Ал қамауға алынғанға дейінгі екі жыл **ішінде** екінші кітапты бір жайлы қылу керек емес пе? Бірақ сол «Жолдастар» романын жарыққа шығаруға **жазушының** өзі құлықсыз **болған** жок па еken? **Неге?** Осыған жауап іздел көрелік...

Тарихи себептерге сүйенсек, біріншіден, сол **тұстағы** кеңес өкіметінің ұстап отырған жайсыз да солақай саясатын суреттесе, «жаңа тұрғыдағы адамдар» образын шынайы, реалистік түрде бейнелесе, **жазылған** шығармаға ғана емес, өзінің жеке кара басына катер туғызуы әбден ықтимал еді. Сол кездің өзінде-ақ «Жолдастар» романында большевиктерді мазақ етіп жазды» деген қаңқу сөздер әр-әр жерден қылан бере бастаған-ды.

Ал саяси ағымға лайықты жазу, «жаңа адам» образын **көпірте** корсету ол **тұста** оның **стилінде** жоқ касиет. 1935 жылға дейінгі **көптеген** жанрдағы шығармаларына зер салсақ, жаңа өкіметтің өмір-түрмисінің кейбір «көлеңке жақтарын» шенегені аз-кем болса да кездеседі. **Өкіметтің** негізгі кағидаларын іске асыру әр **жазушының алдына** қойылған міндет десек те, **бұдан** кейінгі шығармаларында саяси тақырыпқа жазылғандар кейінге қалдырылып, сол **тұста** халықтық түрғыдағы **мұрағаларға** көніл **бөлу** тенденциясына ойыса бергенін көреміз. Баска шығармаларын айтпағаңда, 1935 жылдан 1937 жылға дейінгі **жазғандарында** — «Дала», «Күй», «Күйші», «Кұлагер», «Аққала» (аштық жылдарындағы кайғылы оқиға суреттеледі, бірақ баспа беттерінде **жарияланбаған**) поэмалары, «Исатай-Махамбет» пьесасының либреттосы соның жарқын дәлелі болса керек. Аталған туындыларды жазу барысында **халықтың ғасырдан ғасырға сакталған** иғі дәстүрінің қозғаушысы болғанын **көре-**

міз. Алайда айнала қоршаған ортасы да сол қасиетіне өзіндік күш бергенін төменде берілген **жолдар жокқа шығармайды**.

Фатима Ғабитованаң Ілиястан қалған мұраны **көзінің қарашиғын** дай сақтап, кейінгі үрпакка шашпай-төкпей жеткізгені елерліктей еңбек деп біліп, есімін **ардақтауға** тиіспіз.

1995 жылы көп **уақыттан** бері басылмай келе жаткан естелік, **эссе** жанрында жазылған кітабы жарыкка шықты. Еңбекте бұрын-сонды айттылмай, жазылмай жүрген көпке мәлімсіз жайлар айтылып, талай **құпиялардың сыры ашылуына мұрындық болған-ды**. Соның бірі — **жоғарыдағы сұрауымыздың жауап боларлық бірлі-жарым деректер кездеседі**: «Ол өзінің **күнделік өміріне әсіресе соңғы жылдары** (1935 жылдан бастап) аса жауапты карайтын да, жазғандарына **канаттана қоймайтын**¹ дегені, «Жолдастар» романына катысты болуы әбден мүмкін. Өйткені «Жолдастар» романында жарым-жартылай кеңес өкіметінің жоғын **жоқтар** элементтердің басымырақ болып тұрғаны жасырыш емес. Оған кейінрек **токталамыз**.

Ал екінші кітапта **өзі айтқандай** «... тұтасымен **Қазақстандағы** азamat соғысы, халық шаруашылығын калпына келтіру дәуірі» айттылмағышы еді. Бірак сол дәуір жөніндегі кітапты **кешеуілдетуді** жен **көргенге** үқсайды. **Бұл** бір. Екіншіден, сол кезде Максим Горькиймен кездесуі де талай ой түсірген сияқты.

«... 1934 жылы **августын** 20-сында Москваға карай жолға **шықтық**²— деп **сөзін** жалғайды Фатима Ғабитова естелігінде. — Менің әсіресе есімде **калғаны** — Горький бізді аса **кішіпейілділікпен** қарсы алды. Ілиястың **творчестволық жоспары** туралы сұрастырғанда, Ілияс «челюскиншілер» жайлы поэма жазып жүргенін **айтты**. Алексей Максимович біраз ойланып **тұрып**: «Халық әлі де сіздің **өз** халқыңыздың әдет-ғұрпын, сыр-мінездерімен жете таныс **емес**. Сізге, меніңше, алдымен **өз** халқыңыздың әдебиетін **жүртқа** таныстыруыңыз қажет. Асылы, **ең алдымен** **өз** төңірегінізден іздеу лазын сияқты, — деп, ақыл-кеңесін берді. Алексей Максимовичтің осы пікірі Ілияс творчествосының арнасын мұлдем өзгерту. Ілияс «Жорық» поэмасынан кейін өзіне жете таныс емес сірә да бір жады жазған емес».

Осы тұста басқа жанрдағы шығармаларымен бірге «Жолдастар» романы да көлеңкеде қалып қоюы мүмкін.

«Жолдастар» романының біршама кейіпкерлері мен сюжет желісіндеңі **окиғалар өмірде**, тарихта **болған**. Оны жазушы әр кейіпкердің **өз** аузынан естіп **отырғандай** күйде жазса, кейде болуға тиісті **окиғалардан** алып жазады. Сонымен бірге оның жас кезіндегі ауылдағы керген-**білгендері** де шығармасына **өз** жәрдемін тигізіп отырады. Тіпті, қоғамға

¹ Ғабитова Ф. Альптар тағдыры (күнделік дәлтерінен). Алматы, Жазушы, 1995, 114-б.

² Бұл да сонда.

жат **піғылды** барымташы, каракшы, ұрлықшымен де сөйлесе жүріп, **көп** детальдарды аныктап алғанцығы сезіледі.

Жазушының жеке **мұрағатындағы** қолжазба, койын кітапша, жолжазба сиякты 12-те тарта күнделіктеріндегі жазылған жайлар осы ойға еріксіз жетелейді. Мәселен, «1916 жылғы **көтеріліс** жөнінде есте қалғандар», «М. Тәтімовтің 1919-1921-жылдардағы азамат соғысына қатысушы жайлы шағын естелігі» дейтін жазба, «Хажының ұрлығы» деген жазба (Қоянды жәрмеңкесінен машылармен бірге қайту туралы), 1916-жылғы Жаркент уезіндегі **көтеріліс** және тағы басқа халық ішіндегі **көнекөз** қария, **окиға** ішінде болған адамдармен әңгімелесуі, **көптеген** жерлерде болуы — романға шикізат, **кажетті** мәлімет болғаны анық.

Жазушы осы жиналған деректерді ысырап қылмай, бәрін ретіне қарай окиғаның басталуы, дамуы, шиеленісу і, шарықтау шегіне дейін жоспарлап, әркайсысын **бөлшектеп** алып, **өзіндік** эскиз жасайды. Мәселен, «Жолдастар» романының мазмұны туралы» деген жазбасында романның қыскаша, **ең** негізгі кезеңдерін жазып **шыққан** соң, басты кейіпкерлері — Сатанның, Марданның, Мәмбеттің образдарына тоқталады. Онда олардың бет-әлпеті, мінез-кескіні, окиғадағы орны, істеген істері мен **қызметтері**, айналамен байланысы тәттіштей жазылған.

Жазбалардағы **окиға** мен шығармадағы окиғаны салыстырғанда **көп** ұқсастықтар кездеседі. Мәселен, М. Тәтімовтың басынан **кешкендери**, Семей, Қаркаалы, Омбы калаларында көрген окиғалары романдағы Мәмбеттің образын жасауда пайдаланылған. **Соған қарағанда**, Мәмбеттің прототипі Мұхаметкали Тәтімов болуы да **ықтимал**.

«1916 жылы Орынбордағы учительский семинарияны үздік **белгімен** аяқтаған Біләл Сүлеев қара жұмысқа алынған қазактарға мыңбасы болып Минскіге барады»,¹ — деген дерек Фатима Ғабитованың кітабында айтылады. Шығармада Мардан қара жұмысқа алынып, сол жерде жігіттер арасында сыйлы болады. Кейін акпан төңкөрісі болған **тұста** еліне аман-есен оралады. Марданның прототипі Б. Сүлеев болмағанымен, қара жұмысқа жегілген жігіттердің **тұрмысын** Біләл Сүлеевтен **сұрап** білуі де ғажап емес. Өйткені Біләл Сүлеев Ілияс Жансүгіровтің жақын ағайыны және **өз тұсында** **көп** араласқан адамының бірі.

Міне, осындай деректер мен окиғаларды топтастырып, хронологиялық тәртіппен романның сюжетіне пайдаланғанын мұрағат материалдары айқын анғартады. Жазылып, әдеби өндеуден өткендерінің кейбір үзінділерін **баспасөз** беттерінде жарияладап та **отырған**. Алғашқы үзінді 1934 жылы «Әдебиет майданы» журналының 3 - 4 сандарында, 18 – 21-беттерде «Ақ вексель» деген атпен шығады.

¹ Ғабитова Ф. Альштар тағдыры (күнделік дәптерінен). — Алматы, Жазушы, 1995, 130-б.

Романның прологы «Қызыл таң» деген атпен «Қазақ әдебиеті» газетінің 1935 жылғы 9 — 24 казандары сандарында басылады.

Жазушы о баста бұл шығармасын үш кітапқа бөліп, трилогия етіп жазуды жоспарлағанға ұқсайды. Фатима Ғабитованың естеліктер кітабында: «Жолдастар» трилогия болатын, бітпей калған екі кітабының материалдары **бұл күнде Ілиястың ез мұрағатында сактаулы**¹ дегені тегін айтылмаса керек.

Мұрағатта «Екінші кітап» (339 бет), «Үшінші кітап» (184 бет) деп белгіленген материалдар бары рас. Оның жайын **жоғарыда** атап өтгік. **Сондықтан** Ілияс Жансұтіров баспа бетін **көрмеген** шығармаларды трилогия деп **атауға** беттемей, бірінші кітабының шығуына орай оны роман деумен шектеледі.

Шыгармадағы Сатан, Мардан, Мәмбет образдары мейлінше нанымды, шынайы бейнеленген. Олардың әр қымыл-әрекеттері өмірге, шындыққа жанасымды **суреттеледі**. Жазушының идеясы — осы үш кейіпкер арқылы жеке адамдар тағдырын бейнелеп, бүкіл өлдің тарихын **көркем** шыгармамен керсету. Тек олардың революцияға, үлкен **өмірге** дайындығы гана **жан-жақты** жазылғанымен, оған қоян-қолтық араласып кете алмай қалып қоюлары, **көштің** барада жеріне **жетпей**, жарты жолда тоқырап тұрып қалғандай сезімде калдырады. **Бұған шығарманың жалғасының** табылмағаны да «кінәлі» сияқты.

Романда **мінез-құлқы**, сырт бейнелері әр басқа екі **жұзгетарта** кейіпкерлер қатысады. Олардың біреуі түрлі оқиғаларға белсене қатысса, екіншілерінің тек **аттары** ғана аталып кетеді. Кеп ретте Сатан, Мардан, Мәмбет әрекеттерімен байланыста ғана **көрсетіледі**. Әрқайсының **тандаған** жолы, көздеген мақсаты **әр** басқа болғанымен, басты кейіпкерлердің романдағы алар рөлі, орны шындыққа жанасатындей деңгейде пайдаланылған.

«Жолдастар» романында тарихи тұлғалардың есімдері де үшірасады. Жазушы **Субайды** бейнелей отыра, сол тұстағы «Алаш» партиясының ірі қайраткерлері — Элихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтарды **жол-жөнекей** атап өтеді. Сол тұстағы саяси **ахуалға** байланысты жазушы **оларға** бейтарап **көзқарас** танытады.

Романда үлкен орын **алған** кейіпкерлер — өздерінің бас бостандығын, тендігін аңсаған Күлзейне, Нәзипа, Күлән, Камаш сияқты қазақ **әйелдері** қанша арпалысып әрекет еткендерімен, өздерінің **сүйгендеріне** қосыла алмай, өмірлері **өкініш**, налаға толды.

Жалпы романның **өн** бойында кезігетін **қыз**, ер кейіпкерлердің **көбі** эпизодтық қана **рөл** атқарып, образ дәрежесіне жете алмай қалғанын

¹ Ғабитова Ф. Альштар тағдыры (күнделік дәптерінен.) — Алматы, Жазушы, 1995, 13-6.

көреміз. **Бұған** әлі роман жанрын толық игеріп болмаган кәсіби тәжірибенің аздығы да себеп болуы мүмкін.

«Жолдастар» романына арнайы зерттеу жасаған профессор **Рахманқұл** Бердібаев: «Ілияс Жансүтіровтің романы **көп жағынан** әлі де мәнін жоймаған, кезінде прозаның дамуында **көрнекті** рөл ойнаған шығарма. «Жолдастар» халық өміріндегі өшпес із тастаған ұлы өрлеу, құрес **окиғаларына** автордың каншалықты үлкен мән бергенін азаматтық анықтыруғысынан да **сипаттайтын ескерткіш**¹ — деп бағалайды.

Романда астарлы әзіл мен калжын, кекесін, мысқыл да кездеседі. Оның өзі **окырман** **көнілін** жадыратады, еріксіз құлқі тудырады. Романың сюжеті баяу дамығанымен, кейіпкерлердің мінез-құлқы мен **іс-әрекеттері** айқын тәптіштеліп көрсетілгендейдіктен **өзіне** тартар есері мол және шынышыл.

Алайда сырткы мазмұны, тартымдылығы **шығарманың** терендігіне сәйкес келе бермейтін **тұстары** бар екендігін айткан жен. Үш негізгі **кейіпкердің** өмір жолын керсету үшін жазушы нақты суреттер мен бейнелеуден ауытқып, образдардың **мінез-құлқын ашуға** тікелей қатысы жок шытырман **окиғаға** толы сюжеттерді енгізгендей **романың логикалық** байланысына едәуір ауырлық әкелген. Бір **окиға** екінші окиғамен байланыспай орта жолда **қалдырылып, сюжеттік** желі дұрыс тартылмай, кейбір кейіпкерлер образдары **қомақталмай** қалған **тұстар** да кездеседі. Бұл **көбіне** романдағы «Мәуліт мейрамы», «Цирк», «Жөгер, жоғары шық!», «Тышқанға өлім, мысыққа ойын», «Парад, прошу!», «Құшақтан пышаққа» деген бөлімдеріне қатысы бар.

«Жолдастар» романы — әдебиет майданындағы проза саласы бойынша **жазылған** жазушының ең тұнғыш та ең соңғы **көлемді** шығармасы. Кеңес әдебиетінде осынау жанр отызыншы **жылдарда** **кемелденді** десек те, күрделі прозаның алғашкы тәжірибелерінде осындай кемшіліктер сол **жылдардағы** казақ прозасының роман жанрындағы **ортак** кемшілік екендігін әдебиеттану ғылымы жокка шыгармайды. Қорыта айтканда, «Жолдастар» романы — қазіргі әдебиет әлеміне **қоғам өмірінде** болып өткен **қыруар** құбылыстарды эпопеялық үлгіде керсете **алатын шығарма**. Сонымен катар роман жазудың тын үлгісі **есебінде** көркем образ, жаңа түр, **халқының тіл** казынасын шебер пайдалану **тұрғысында да, өз дәуірінің** үні, сырғы мен шыны аскан **шындықлен** жазылғаны — казақ әдебиетінің алтын қорына **қосылған** елеулі үлес. Қазіргі кезде **Ілияс Жансүтіровтің** «Жолдастар» романы казақ прозасының тарихында елеулі орыш алады. Өйткені казақ **халқының** өткен **өмірі**, оның революцияга **келуі, қазақ төңкерісшілерінің** калыптасуы туралы **мағлұматты** **көп жағдайда** казіргі және кейінгі үрпақ осы туындыдан алары **сөзсіз**.

М.Имангазинов,
филология гылымдарының кандидаты

¹ Бердібаев Р. Роман және заман. Алматы, Жазушы, 1967, 35-6.

ПРОЛОГ

Дала. Тұн. Шүйлдаған дабырмен оянып, далаға шықтым.
Айдың өларасы еді. Көк көрінбейді. Бұлт қап-қара. Тұпсіз терең
тұнде тұңғиық қарандылық қырды көптен құшағына алған. Дау-
ыл соғып тұр. Дала дүр-дүр етеді. Әлде желдің үні? Әлде елдің
үні?..

Ауыл ауыр қарандылықта. Шу шығады. Не шу? Әлде жел
қамысқа сокты? Әлде жылқышы ыскырады?..

Жел ішінен жарықшақ дауыс естіледі: не дауыс? Әлде кой-
шы айтактайды? Әлде қасқыр үлиды?..

Дауыс сыңқ-сыңқ жылағандай: бұл не? Әлде бұлак сылды-
райды? Әлде сатылған қыз жылайды?..

Әлдекім зірк-зірк етеді: кім екен? Әлде жел қдттылады? Әлде
бай малшыларына ұрысады?..

Дауыс мекіренеді: әлде қой маңырайды? Әлде бақсы ойнай-
ды?

Үн күніренеді: кім ол? Әлде молда аят оқиды? Әлде жарлы-
ның жалғыз сиырын ауылнай әкетті?..

Ауыл шулайды: неткен әбігер? Не қораға қасқыр шапты? Не
ел жігітін майданға айдауға жарлық тарады?..

Немене? Не дауыс бұл?

Бұл дауыс әлде желден шығады? Әлде елден шығады?..

Жел күшейді. Дауыл қаттырақ сокты. Аспан астан-кестен.

Дала алай-түлей. Көккүркіреді. Найзағай шатыр-шұтыр етті!
Нөсер шүмектеді. Жауын төгіп-төгіп жіберді, ел сарыны сар-сар
етеді. Бұл не сарын? Әлде селдікі? Әлде елдікі?

Дан-дұн, шу молайып барады... бұл не? Әлде Ертіс бұзылды?
Әлде ел дүрлікті? Жоқ, алыста теңіз толқи ма? Әлде ашынғандар
ұран сала ма? Әлде ақ патшаны тақтан түсірді ме? Әлде майдан-
нан қайтқан жігіттерге ел той қыла ма? *Мұхамед Ахметов*

Мынау саңқ-саңқ еткен кімнің дауысы? Біреу дабыл қаға ма?
Әлде дауылпаз шакыра ма?..

Ия, ия, жаксылық! Бостандық... жел жаздікі сияқты. Мынау қыландаған таңғой! Таң!.. Таң!..

Жоқ, жоқ... не боп кетті? Мен жаңылдым ба? Әлі таң белгісі жоқ екен... жел үйтқып, терісіне шықты. Күн сұытты. Қылау үшқындарды. Қар жапалақтады. Алай-түлей боран түтеді. Қыр қараңғы. Тұн тұнек. Қас пен көздің арасы көрінбейді...

Не дауыс бұл? Шу күшейді. Кім ыңыранады? Кім күніренеді?.. Көк күрсіне ме? Әлде зенбірек атыла ма? Жер ынқылдай ма? Әлде бомба жарыла ма?

Дала азан-казан. Әлде жел жынданды, әлде елге жау тиді?

Дала уйлайді. Жел ыскырады. Әлде ауылдың қойын ақ пен алаш әскері айдалауды? Әлде атамандар ел ерлерін атуға команда берді?..

Үн күніренеді: бұл не? Әлде ауылды өлім басты? Әлде алаш казіреті құран саулатады?..

Үн ыңыранады: неткен үн? Әлде атамандар мұжықтарды сойып жатыр? Әлде ауылдың қыз-келіншегін актар рәсуалайды?..

Үн күбірлейді: не бұл? Әлде Алаш ақсақалы батаға қол көтерді? Әлде төңкеріс ерлерінің етіне Колчак қамшылары шыпшып етеді?..

Бұл кай жер? Ел қайда? Жылы жел соктырған жаз қайда? Таяу калған таң қайда?

Кімдер шулайды? Не сарын?

Әлде жел қаралы? Әлде ел жаралы?..

Я сәт!

Жел онына шықты! Дауыл қаттырақ сокты. Күркіреді. Найзагай шарт етті. Жел жылына бастады. Бұлт ыдырады. Жұлдыздар жылтырады. Уай, жарық дүние-ай! Қайдасын? Сағындық қой!.. Аспан жалаңаштанды. Жұлдыз жарығы жерге түсті. Таң таянды. Көк қыланадады. Ауылдың алды-арты айнала айқын көріне бастады.

Па, шіркін! Соғып тұрған жаздың желі — қоңыр ескек екен ғой! Сок, сок, алтынкүрегім! Серпе сок!..

Қашаннан кырды баскан сокыр тұман серпілсінші! Сок, алтынкүрегім... күре даланы! Көптен көздей тесік тастамай да-

ланы басып жаткан шірік қар көк сокталансын... сорғала жаздыңжауыны... Сорғала!.. Самарканның көк тасы жібіп, сарыдаланың сүсі сарқырасын!.. Алты ай қыстай ауырған кара жер терлеп, сел-сел болсын! Жүйе-жүйесі босасын!..

Сок, сок, қоңыр ескек! Саған төсімді ашып, бір сүйсінейін!
Саған ел сүйсініп, кыр исінсін!..

Аспанның алыс жиегінде көрінген таң барған сайын жайылды. Аткан сайын кызарды. Аспанды алқызыл нұрға бөледі.

Бұл не? Неткен қызыл? Бұл қызыл жарық келе жатқан таң ба, шығып келе жатқан күн бе? Жок әлде көтеріліп келе жатқан ту ма? Қаптап келе жатқан әскер ме?

Я сәт! Бергейсін! Берді ғой тілекті: қызарған нұр екен! Күн екен! Ту екен!.. Ту екен!..

Ел дүрлікті. Ауыл апыр да топыр. Қорыкқан да қуанған да бірдей. Ел алғашында сасып қалды. Ілгерілі-кейінді сапырылысты. Ерсілі-қарсылы ағылысты. Оттай қызыл таңға қарады. Нарттай қызыл туға қарады. Ту артындағы топ-топ қызыл әскерді көрді...

Ел үміті жарк етті. Дауыл шақырып, бұлт қуған Дауылпаздың даусы ел құлағына санқ етті:

— Тұрындар! Жауды қуындар!..

Ел қуанышында шек жок. Құшағын жая қызыл туғажөңкілді. Ұрандап, шулап біздің ел де қызыл қолдың алдынан шыкты. Дала дүрілдеді. Алатаудың сайынан, Сарыарқаның белінен, Арал, Балқаш көлінен, Сырдың бойынан, кырдың қойынан өре түрегелген өңшең жалбағай тымақтар тұс-тұсынан қалың колға қосылып кетті. Ел мәз-мейрам...

Қызыл қол қырға қаптады. Қызыл тулар қыр аспанында бұланады. Дала кып-қызыл нұрға толды. Төңкеріс ұраны дала-ны дүрліктіріп, шынайы бостандық барабаны қағылды.

Қыр халқы қайнап, қуанышы көкке шарпыды. Жерді дүрілдетіп, қызыл тудың астында қызыл жорыққа бірге аттанады ел.

Уа, шіркін! Жеттік-ау бұл күнге!..

Қаптаған қызыл қолдың алдыңғы қатарында бірнеше адам көзіме оттай басылды. Өзіміздің жігіттер екен! Бес қару бойында, қызыл тудың сонында, майданың ішінде жүр екен...

- Жолдастар-ау, сендер қайда едіндер?
- Майданда едік...
- Жігіттер-ау, сендер кашан кетіп едіндер?
- Түнде кеткенбіз... біз кеткенде ауыл үйқыда еді...
- Жолдастар-ау, ендігі беттерің қалай?
- Бетіміз ілгері! Ілгері!.. Жау қуып барамыз. Ел бері тартсын. Тезірек ұмтылындар!.. Анау қызыл туға таман ұмтылындар!.. Ілгері!.. Ілгері!..

Кызыл ту көкке бұлқынды. Кызыл өскер ілгері жөнелді. Біздін ел де солай жөнкілді.

Мен де ілгері ұмтылдым...

БАСТАУ

Бірінші тарау

Қоянды, жолың қатты, наның тәтті,
Айдаймыз ақсақ койды, арықатты.
Айдаған осы жолға кедейшілік
Арканың аркамызға катты батты.

НЕ ҚЫЛАМЫЗ?

Жазғы тұн. Кедей ауылдың ешкі-лағы корасында бір уыс қана болып үйісіп жатыр. Көкке тойған соң кара тіл болып көк жа-лаған сиырлар қазыққа байлаулы күйінде ыңқ-ыңқ етеді. Бірлі-жарым шолақ кісенін сылдыратып, ауылдың артындағы өзекте оттайды. Тәжидің көк құнаны да сонын ішінде. Ит үрмей, қоныз үшпай, тұн тып-тыныш бола қалған бір мезгіл еді. Ауылдың көбі-ақ ыстығын ішіп, отын сөндіріп, төсекке кірген. Тек шеткі қара-ша үйдің кай жағынан қарасақ да оты жылтылдалап, әлі жатпаған-дығын білдіреді. Оты бір басылып, бір жанады. Бұл үйдің сауыны қоныр сиыр мен төрт ешкінің сүті өзінен аса су қосылып пісірілген. Ол сүттің ішкенінен қалғаны топатай шелекке үйита салынған. Көп ұзамай бұл үй де тынышталса керек...

Жатуға ынғайланып отырып Тәжибылай деді:

— Эркім-әркім кой алып, бағып жатқан көрінеді.
— Ей, балам-ай, бұраудың да сұрауы бар ғой. Есепсіз дүние бар дейсің бе? — деді Тәжидің шешесі Сәтбала.

— Неге, пайдасы болмаса бекерге біреудің аманатын ала ма? — деді Тәжи.

— Кім-кімдер алған екен?
— Имаш та, Сетік те, Сәрсенқұл да, Қазыбай да жиырмалап-отыздап кой алыпты. Пұшық Иса да бұғін «он сегіз түяқ алдым» — деп айтып барады.

— Үзінештік нұхтиң тиңкөз мәңгілік жағдай.

— Байғұс-ау, өзгенікі өзге, пұшық қайтеді оны? Біреудің малын бакпақ түгіл өзінің аяғын алғып жүре алмайтын шу аяқ сорлы. «Қашарында қашарсын, лактарында қайтерсін?» деп, алмақтың да салмағы бар емес пе...

— Қыс жақсы болса кайтеді? — деп Тәжи езулеп болмады. Шешесі аз отырып:

— Онда сенің де «алсак» деген ойың бар ма? — деді.

— Тап «алсак» деп жіп тағып отырғаным жоқ. Тегіндегісін айтқаным ғой... Жанның бәрі алғып жатқан соң...

Тәжи от басын шұқылап біраз отырды. Оның ойға қалғанын сезіп, шешесі де жұбап қайырмады. Не мезеттен соң:

— Кайдан білейін, балам, өзің білесің, — деді. Тәжи бағана-дан бергі екіұшты сөзінің бір сабағын тапқандай болып сөзге кірісті:

— Апа, мен екі ойлы болып отырмын. Бірсыпыралар қой алғып бағатын болып тіршілік істеп жатыр. Ал қыстай біз не қыламыз? Жер шөбі бар. Сатанды биыл біреуге жүргізбей-ақ үйде ұстасақ деп едім. Былтыр Әділханға жүргіземіз деп жегеніміз желкемізден шыққандай болған жоқ па? Не киімге, не тамаққа жарытпай, дертті болып кете жаздады. Онан да осы жүрт алғып жатқан қойдан біз де алғып бағатын болсақ, айна серкештен жалға жүргеннен тиімсіз бола ма деп көніліме келеді. Тегі, ойласайык дегенім ғой...

Сатан ағасының бұл сөзін төсекте жатып тындалды. Оның ойына әлденелер тұсті:

«Үйдің іші мені Әділханға былтырғыдай жүргізер ме екен, жок өзге біреуге берер ме екен? Егер жүргізетін болса енді кешіктірмес кімге жүргізсе де, бірак Әділханға бармасам екен. Ай, Әділханның үйі-ай! Татты-ау тандайға... Біздің үй мына қойды алатын болса, онда менің өзге біреуге жүрмегенім ғой... үйде боламын да. Үйде болсам жақсы болар еді. Егер бұл қойды алмаса, онда Сатан бұл үйде отыра алар ма екен? Қысқа қарсы біреуге ақыр жалдайды ғой... Онсыз біздің үйдің лажы бар ма?...»

Сатанның үйінен ұзап шығып, жігіт болып жалшыға жалданғаны өткен жылы ғана. Ол Әділханға жүріп, қой баккан. Бақканда, тек аты қой бақты ғана болмаса, қоймен қоса талай ауырлықты **көтерген**. Толып жатқан қызметтерді **атқарған** болатын.

Алғаш кісі есігіне жүрген жас жалшыда қақас ой, қалытқы мінез бола ма? Бас білігі тайлактай бала қойшыны көрінген кісі жұмсап, мейлінше мінген. Ерте өргізіп, кеш қайтаратын үш жүз қойдан басқа суға да, **отынға** да, **ауылдың** атын суғаруға да, күл **шығаруға** да, итке тамақ **қуюға** да үлгіретін осы Сатан еді. Әсіреле төренің тоқал катыны бала қойшыға жайсыздау тиген. Сөзге ілініспіп біржола иыктап алған. Тіпті, кейде тарылып кеткенде «әкеден жібереді» дегенді де сырттан естіп, **Тәжи** інісінің алты айдан әрі калуына ырзаласпай, қой қоздап болған соң **Сатанды** үйге шығарып алған.

Сатан содан бері үйде. Екі айдан бері мойны босап, ерте жатып, кеш тұрып, кедей кербездіктің біразын істеп, домбыра тартып, ауыл қыдырып, **аунап-қунап**, көңілі көбенсіп қалған еді. Сүйтіп жүрген Сатанга **Тәжидің** тағы қылтылдатып отырған міне бір «қой алу» деген сөзі бостаншылығын тағы жойып, басын байлайтын **сияқтанды**.

Бірақ ол қанша ойласа да өзін енді ойынның баласы **емес**, жұмыстың жігіті деп сезе бастаған еді. Тәжи **ағасы** тағы біреуге жалдал жібермей, мына қойды алып бақтырса, қайта Сатан жанына жағымдырақ тимекші. Онда Сатан үйде болады. Біреудің отымен кіріп, күлімен шықпайды. Киім-кешегі жаман да болса, жыртық болмайды. Мынау шешесі жыртылған жерін бүтіндел отырады. **Төңіректегі** үйір құрбыларымен бірге болады. **Сондықтан** Тәжи мен шешесінің қой туралы сөйлескен сөзін **Сатанның** құлақ түре тыңдайтын кисыны бар еді. Ол сөз аяғы неге **сөрап** екен деп ентелене **тыңдағы**.

— Сонымен біз де қой алып баксақ дейсің бе? — деді шешесі.
— Менің **оіым** осыған құлап отыр, **акылдасқанымыз ғой**, апа, — деді **Тәжи**.

— Сатанның **үйде болғанын** мен де жек көрмеймін. **Өлім** бар да каза бар... бір жерде **болғанға** не жетсін? Жалғыз-ак менің ойыма келетіні — **алған аманат** қойды аман-есен **бағып**, қыстан шығара аламыз ба?.. **Жауга**, жұгка ұшыратып, борышка байланып қалмасақ деймін...

— Менің алғым келеаі. **Көппен көрерміз**, апа, **жұрт алып жатыр ғой...**

— Өзің білесің, **балам**, — деп шешесі түндік **жабуға тұрды**.

Сөз тұжырындысы болған сияқтанды. Тәжидің ақылдасатыны шешесі еді. Шешесінің «өзің білесіңі» — қойды «алсан алдың» ырзалығы еді. Мұны Сатанның іші сезді де, бүркене беріп жымын етті.

Алакөлеңкелі тұндегі оттың жарығындағы кедей үйдің қабағын салбыратып ойға қаддырған «не қыламыз?» Сәтбала кемпір баканының басына ілініп көтерілген тұндікпен бірге бүрк етіп тысқа шығып, тыныс бергендей болды.

От сөндіріліп, тұндік жабылып, үй іші үйқыға кетті.

АҚ ВЕКСІЛ

Таң атты. Күн шықты. Ауылдың азын-аулак қой-ешкісі, артында қалған қозы-лағына маңырай-маңырай өріске кетті. Ауылдан аяндалап шыққан сиырлар қоқтыларға түсіп, қияқтарды ұзын тілімен орап бауыздауға кірісті. Коныздар дырылдаپ ұшып, шыбындар быжылдаап, жан-жәндік тіршілік талабына ұмтылды. Топатайдағы шалап-айранның беті ашылып, тостағанға құйылып, қараша үйдің іші оразасын ашты.

Күн шығысымен-ақ жалақ жауырына үймелеген шыбыншіркейдің әлегінен сипанып оттамай қалған көк құнаннның кісені алынды, үстіне ер салынды, оның белуарына мініп, тарс қамшыланып Тәжи тағы жәрменкеге жөнелді. Біраз жүрген соң ұзын жолға тұсті. Базарға бара жатқандардың біріне-бірі қосылып, біреулер озып, біреулер кейінде, жәрменке жатқан жердің кезеңіне шықты.

Тәжи қырсау көк құнанмен кезеңге шыққанда, жәрменкенің кайнап жатқан кезі еді. Кең алап. Жан-жағы қоңыр-қоңыр белең, аяқ жағы жарқыраған ұлken көл. Келді айнала жапырлай қонған ел. Жәрменкенің өз көрінісі мына белдің үстінен караған Тәжиге жылқының иіруіндей қайнап жатқан қара Құрық жиын екендігі ғана байқалды. Ортасында ағарған шатыр үйлер, жыптырлап тігілген үй, ұзын сырғауылға орнаткан жәрменкенің жасыл ала жалауы гана алыстан көзге айқындалп қөрінді.

Тәжи көк құнанды тебіне-тебіне жәрменкеге кірді. Ерсілі-карсылы жосылған аттылы-жаяу, арбалы кісі, топырлаған төрт

тұлік мал, ағылып жатқан жүкші, жүргінші жол бермейді. Жәрменке шаны аспанға шықты. Көшелеп тігіп тастаған үйлер, шатырлар, есіктерін ашып тастаған ұлкенді-кішілі үңірейген лапке, дүкендердің үңірейген түрі Тәжилерді «**көк құнанынмен қоса жутам**», — деген жалмауыз сиякты. Түе бақырткан, тері сүйрекен, аттың тісін ашкан, қой қосақтаған, кездеме кездеген, бакал қыдырткан адамның алыс-берісі құжынап, бейне кара **күрттың** үясын еске түсірді.

Тәжидің күнде келетін базары **бұл**. Бір тын саудасы болмаса да, **көк құнанмен** күнде осында келмей көңілі **көншімейді**. Ол біресе мал базарына барады, біресе ұлкен магазиннің ішіне кіреді. Біресе қымызышыға кіріп, біреулермендем татысыш қалады. Біресе көк құнаның үстінде ұзақ күнге салбырап жүреді де қояды. Ерні кебірсіп, кешке шейін қаңғырады. Тәжидің базарға келгендердің ең керекті нәрсесі — қымыз бен насыбай. Кейде осы екеуіне де ақшасы болмайды. Ақшасыз кісінің базарда маса құрлы қаукары бола ма? Қым-қиғаш қырғын соғыстың ішіне **құр** қол кірген кісідей көрінгенге **көзтүрткі**, мүгедек адам болады да қалады. Тәжидің көп жүрісі осы. Тек сорлы **көк құнанды** күнде оттапай, көзі сүзіліп, кешке үйіне қайтады. **Бұл** бір Тәжи емес, сол төңіректегі көп қазақтың күні сонымен өтеді. Тәжи **бүгін** базарга бос келген жок. **Өзінше** ұлкен жұмыспен шыккан. Сондықтан ол бүгін күндегідей көшенің келген жерінен салбырап жанжағына қараған да жок, **құнанды** қузай камшылап, тура базардың шетіндегі әдемі ақ үйлерге, **абылайшаларға** таман тартты.

Бұл қатар Жетісу байларының жатқан үйлері. Жылда Қоянды жәрменкесінің базарын бермейтін Матайдың байлары: Сарман, Ырысбек тұқымдары — осы қостар. Байлардан **Қапалдың** Шаяхметі, Шұбарағаштың **Құсайыны**, Ақсудың Абырамы, **Қызылжардың** Сүлеймен, Сыдығы — бәрі де өншең кумүйіз саудагерлер, қойлы көпестер. Жәрменкеге түскен жұн-жабағы, **қылқыбырдың** қожайыны осылар. Тәжи осылардың алдынан көк құнанмен көктей өтіп, **Шалматайдың** қосының артындағы мама ағашқа келіп торс етіп түсе қалды. Атын байладап, қостың алдындағы кездеменің ортасында кеңірдектеп отырған көп кісінің касына келді. **Жайғандары** қағаз, қаққандары шот, **көпке** шейін Тәжиді ескерген кісі де жок. Ол **көзі** жаудырап есік сыртында

отырды да қалды. Осы кіслердің барлығын да қабағына қаратып, жастыққа шынтақтап, шот қағып жатқан жасыл барқыт тақиялы, арық қара сұр саудагер казак — Тәжидің іздеген адамы осы еді. **Оған жұбаптаса алмаған соң**, оның аузының босауын күтті.

Көп күттіріп, мырзадалаға шыққанда, Тәжи жұмысының сәті түскендей, сөйлесуге айналды. Сәлем берген соң, сағат бауы салбырап тұрып, кусырылған танауымен тыныстап, сұр қажы Тәжидің сөзін тыңдады:

— Мен сізге келіп едім.

— Кімсің?

— Қаракесекпін. Ауылымыз осы тұста болады. Әділхан төрелердің жақыннымыз.

— Не жұмыспен?

— Нашар адам едік. Әйтеуір, «балдан тамады, байдан жұғады» дегендей, сіздерді тыныс көріп, үйден аяндалп шыққаным...

— Не қажет?

— Біздікі-ақ кедей қарекет қой... Сіздер аманат бағуға қой қалдырып жатыр деген соң, жұрт қатарлы мен де азын-аулақ қой алып бақсам деп едім...

— Жерің қандай?

— Жеріміз шұрай, мынау көрінген кереге қоңыр тау. Қыста қар жатпайды. Күнгейдің бәрі жайылыс болады... — деп Тәжи қолымен тауды нобайлай бастады.

— Кепіл табамысын?

Тәжи бөгеліп қалды. «Кепіл» деген салғаннан Тәжидің ойына оңай түсे қоймады. Бұған кепіл боларлық кісі кім? Әділхан ба? **Нұрбек** пе? Олар қалай кепіл болсын?..

• Бай сөздің соқасын өзі түзеді:

— Сенің әкең аты кім?

— Бөлеген. Менің әкем сіздерге дәмдес болған, сіздердің малдарынызбен әлденеше рет осы **Қояндыға** келіп жүрген... Экем марқұм сіздерді аузынан өлгенше тастамай кетті ғой...

— Е, сен шұбар Бөлегеннің баласымысын? Білеміз әкенді. Байғұс адал адам еді. Сен неше ағайындысын?

— Екеуміз. Ер жетіп қалған бір інім бар.

— Егер кепіл таба алмасаң, былай да азырақ мал қалдыруға болады. **Бұрын** дәмдес болған адам **екенсің...**

— Өзім де соны тыныс көріп келіп едім.

Расында Шалматайдың кепіл сұрағаны — бергенін бұлдан беретін әдісі еді. Ол Тәжиден кепіл сұрап, кой беруді қындар-пақ түгіл, қалайда койын аманат бағуға үlestіруге өзі де ниетті. Байдың аманатқа беретін қойы да оншалық құнды койлар болмастан, базарға жарамай қалған ақсақ-тоқсак, ауру-бұрак койлар болатын. Байлар мұндай қойларды жылдағы жәрменке тарқарда аманатка алушылардың аты-жөнін жаздырып, нотариус алдында бағам деген кісіге ақ вексілдеп бере беретін.

Жәрменкеге қойды көп әкелетін көпестің бірі — осы Шалматай. Тиыннан тиын туғызыған қутұяқ саудагер. Бұл жәрменкеге жылына жетпіс мындан кем қой салмайды. Ол койлар қалай құралады десеніз — тарау-тарау жолдармен келіп жиналады. Бойдактын бірсыптырасы қолма-қол ақшаға алынған. Ол ақша түрлі алушылардың қойны-қонышында жүріп, талай елді аралаған болады. Эрине, ондағы кой алынған баға — мұндағы бағаның үштен біріне де жетпейді. Қойдың енді бірсыптырасы — қажының коскос қойының қозысынан өскен бойдағынан құралады. Қойдың енді бір тобы — өткен жылғы сауданың несиесінен жиылады. Қойды жаз шығарып беруге кездемеден, шай-қанттан, бас, ұлтаннан бай несие берген болады. Қойдың төртінші түрлісі — «қызыл қозыдан» құралады. Ол «қызыл козы» дегеніңіз — тумақ түгіл, әлі күйегі алынбаған қошқардың беліндегі козыға байлар теңгелеп-тебендеп ақша берген болады. Ол ақшалар өзінен- өзі коздап, бұзаулап, мал боп, Шалматайдың жәрменкеге айдар кезінде маңырап, мәніреп, жидашының алдына түседі. Одан арғы койлар кезден көртіп жеп, қолма-кол сатқан товардан, даудан өнген, көпиелі малдан, бірі екі болып өндірілген тілхаттан, айып-анжыдан, күнде балалаған парадан, қойшы-қолаңшының акысынан, тағы-тағы баскалардан сәті түсіп, өніп, қорланып, қой болатын еді, бұл қойлардан басқа мындаған ірі қарамен, банкені буындырған ақшамен, тері-терсекпен, жұн-жабағы, қыл-қыбырмен келіп, Шалматайлар осы Қоянды жәрменкесіне килігетін еді. Жәрменкеде жаздай жатып, малын саудалап, базарды қолдан таратып, көп товармен Шалматай сықылды Жетісу байлары кейін қайтатын еді. Қайтарда саудадан бұрақ қалған ақсақ-тоқсак, ауру қойларды ондап-жиырмалап, Қоянды маңындағы елге ақ век-

сілдеп тарататын еді. Мына Тәжидің Шалматайға келіп, «аламын» деп өтініп отырған қойы осындай брак қойлар еді.

Тәжидің жолы болды. Шалматай бай «кеңілсіз-ақ жиырма қой берейін», — деді. Аяғы құрттаған ақсақты, құркілдеп жөтелген көксауды бағып-қағып, жүттән аман, жаудан түгел келесі жәрменқеге сатылуға дайындалп тұруға Тәжи міндеттенді. Қой жоғалса, өлсе — төлеулі. Байдың бұл қойлары суға салса батпайтын, отқа салса жанбайтын бір жаны темір қойлар болды. Бұл қойлар ақ сүйек бол жүтатқан қысты да қыстырмайды, топалаңдатып ауырмайды да, қасқыр жесе де өлмейді. Ұрғашы қойдың өсімін және санайды. Ак вексілмен құны кесулі тұр.

Ал Тәжидің вексілді қойды баққандағы ақысына алатыны үш қой және қойдың күзгі жүні. Осындай шартпен Шалматай өлдеше жүздеген бұрақ қойды Қояндының айналасындағы арғындарға таратып болып қалған еді.

Шалматай Тәжиге довернейін қосып нотариусқа жіберді. Аузы астығын алған ұрадай опырайған кәрі нотариус Тәжиден аларын алып, жиырма қойды ақ вексілге қондырды.

Тәжи іс біткен соң Шалматайдың өрістегі қойынан қой алуға, көк құнанға ашасын артып, қырға шықты.

БАЙҒА НЕ АЙТАМЫЗ?

Тәжи ауылына қайтып келеді. Өңшең ақсак, соқыр, тентек, көнтек, құрттаған қойлар жолда жүрмей көп азап шектірді. Ақсақтың аянымен отырып, ымырт жабыла ауылына азар келді. Байдың базар сілікпесі өңшең сұңқадам қойлардың түрінен Тәжилердің бес-алты ешкі-лағы пыскырып, біраз жатырқасты. Сөйтсе де есік алдындағы қой басы құралып, қараша үйлердің қорасы қорланып қалды.

Тәжидің үйіне қоймен бірге азап та келді. Сатанның шешесі сол тұннен былай тұнгі күзетке белін буып кірісті. Таң атқанша кірпік ілмей, жұлдыздарды батырып, таңды атырып, құнді көзінен шығарды. Құндегідей мамырап жатқан Сатанды оятып:

— Тұр, карағым, тұр! — деп құндеғісінен ерте оятты. Сатан үйқылы көзін аша алмай:

, , , ға-ға-ға-ға-ға

— Апа-ай, кішкене қоя тұршы! — деп маужыраған еді, шешесі:

— Тұр, созылмай: «белгілі қойшың жоқ болса, белінді бу да қойға бар!» — деді. «Кой» деген сөз үйқыны шайдай ашып, Сатан салбырап түрегелді.

Содан былай Сатанның күндегі күні осылай болды.

Сатан аманатка алған брак қойларды жаздай бакты. Міне, жаз өтіп, жер шөбі курап, күз болуға да айналды. Қойдың саны барған сайын құлдырап, азая бастады. Аз ғана қойды айналдыруши көбейіп, басына қарай шығыны аз болған жоқ. Тәжи, Сатандар қанша қақақтап, аманат койдан қорқып, жаны қасам болса да, қой басын аман сактай алмады. Ойдағы жоқ жерден пәле-қазаға ұшырап, жөні табылып кете барды: алдымен тығыршық мүйіз құрттаған көк тұсақты сиыр сүзіп өлтірді. Боз ісекті қасқыр жеді. Ала саулықтың желіні ісіп, жарылып, жаздай құрттап, қатып барып өліп кетті. Күзге таман үш қойды, Тәжидің сиырын коса, ұры әкетгі. Кер қасқа тұсақ қақтығып, Әділхандардың қойына кетіп қалып, аяғы ол да табылмады. «Сірә, жеп қойған шығар» — десті. Ел күземін алып жатканда Сатанның шешесіне сүзек сап етө түсіп, өлім аузынан қалған соң көнтек көк азбанды қалжаға жеп көтерілді. Көп жылдар көрмеген Тәжидің заводтағы қарындасты амандаса келген сон, оған тышқан мұрның қанатпай қалай отырын, солтак ісек соған сойылды. Екі қойды шаңырақ ақшадан қысылған соң Тәжи калаға апарып сатып, рамат ақшасын төледі. Қыс келген соң қазақ тілін тістеп қызылсыз отыра ма? Тентектен жазылған көк төбел құнан қойды Сатан үйі сорпаға сойды. Сүйтіп, қой алғаш қолына келгенде қалтырап күткен Тәжилер барған сайын еті үйреніп, қорадағы қой колдағы ақшамен бірдей болып, ак вексіл екендігі естен мұлде шығуға айналған еді.

Сонымен Сатан жайған жиырма бұрак қойдың жан-жағынан тиген қасқырдың тісі, ұрының қолы, қонақтың пышағы, ауылнайдың мері, аурудың шығыны, қыстың аларманы — бәрі араласып, бұлар қыстан үш-төрт-ақ кой алып шықты. Сатан үйінің мұндай аманат малды азайтып алғанына көнілдері қатты қабаржып, байға қалай есеп берерін білмей қысылатын еді.

Жәрменеке ашылып жатыр, енді байдың адамы келеді. Тәжилерден қойын сұрайды. Қойдың орны жоғын қайдан табады?